

«2022 жылғы қаңтар-сәуір аралығындағы республикалық бюджеттің орындалуы мен әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы ҚРҰБ баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл, 12 мамыр

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

Инфляцияның сыртқы және ішкі факторлары өсу жағына қарай қысымды күшейтіп келеді.

2-слайд (ЖАҒАНДЫҚ ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ АЯДА ӘЛЕМДЕ МОНЕТАРЛЫҚ САЯСАТ КҮШЕЮДЕ)

Әлемде **инфляциялық қысым геосаяси шиеленістің** салдарынан күшейіп отыр, ол және тауар **жеткізіліміндегі** проблемаларды ушықтыра түсті.

Азық-түліктің әлемдік бағасы **жоғары** деңгейде сақталып отыр. **Шикізат пен материалдар** құны тұрақты түрде өскендіктен, **дайын өнім де** жаппай **қымбатшылыққа** ұласты.

Мемлекеттік бағалы қағаздар кірістілігі де өсті. Бұл дамыған елдерде тежелгенімен, **инфляциялық күтулерді** көрсетіп берді. Осы жағдайда мамыр басында **АҚШ Федералды Резерв Жүйесі** негізгі мөлшерлемені **50 базистік тармаққа** көтеріп, 1 маусымнан бастап өз **балансын қысқарта** бастайтынын хабарлады.

Еуропалық орталық банк шілде айында мөлшерлемелерді көтеруі мүмкін. Нарықтың күтулеріне сәйкес, Еуропалық Орталық банк депозит мөлшерлемесін 2022 жылдың соңына қарай **-0,5%-дан оң мәнге дейін**, ал

2023 жылы 1%-дан жоғары көтереді. Англияның орталық банкі мамырда мөлшерлемені 25 базистік тармаққа 1%-ға дейін көтерді.

Инфляциялық күтулердің ұзақ уақыт бойы мақсаттан тыс қалу қаупі орталық банктерді монетарлық саясатты агрессивті түрде күшейтуге итермелейді.

Геосаяси тәуекелдердің орын алуы және АҚШ Федералды Резерв Жүйесінің монетарлық саясатты күшейтуі жыл басынан бері АҚШ доллары индексінің 7,6%-ға өсуіне себеп болды.

3-слайд (ҚАЗАҚСТАНДА ИНФЛЯЦИЯ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ СӘУІР АЙЫНДА ЖЕДЕЛДЕДІ)

Қазақстандағы инфляция, біздің болжамымызға сәйкес, наурыздағы **12%-дан сәуірде барлық компоненттер бойынша баға жылдам өскендіктен 13,2%-ға дейін қарқын алды.**

Азық-түлік бағасының жылдық өсімі 15,4%-дан 17,9%-ға дейін жеделдеді. Азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне ең көп үлесті **қант, қырыққабат, күнбағыс майы** қосып келеді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының **апта сайынғы өсуі тұрақтанды.** Алайда, наурызда жекелеген азық-түлік тауарларға сұраныс артқандықтан бағаның **жылдық өсімі жоғары деңгейде сақталып отыр.**

Сыртқы инфляциялық фон сәуірде **10,9%-дан 11,1%-ға** дейін жеделдеген **азық-түлікке жатпайтын тауарлар** бағасына өсім тұрғысынан қысым көрсетуін жалғастыруда.

Ақылы қызмет көрсету бағасының өсуі 8,3%-дан 8,9%-

ға дейін жеделдеді, бұл бірқатар **нарықтық қызметтер** бағасының өсуіне байланысты болды.

Инфляциялық тәуекелдерді ескере отырып, инфляция жыл соңына дейін жоғары деңгейде сақталатын болады.

Экономиканың, ішкі және сыртқы сұраныстың оң серпіні кезінде жалғасып отырған **фискалдық ынталандыру** аясында, сонымен қатар **әлемдегі және Қазақстанның сауда әріптес елдеріндегі бағаның** өсуі есебінен **инфляциялық қысымның және инфляциялық күтулердің** артуы жағдайында Ұлттық Банк **25 сәуірде** базалық ставканы **50 базистік тармаққа 14%-ға** дейін көтерді.

4-слайд (ВАЛЮТА НАРЫҒЫНЫҢ ТҰРАҚТАНУЫ)

Сәуірде жаһандық қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың жалғасуына қарамастан, **теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 445,62 теңгеге** дейін немесе **4,6%-ға нығайды.**

Сәуірде **шетел валютасына сұраныстың айтарлықтай азаюы** байқалды. Қазақстан қор биржасындағы саудасаттықтың орташа күндік көлемі **179 млн АҚШ долларынан 92 млн АҚШ долларына** дейін азайды.

Валюта нарығына **квазимемлекеттік сектор** субъектілерінің валюталық түсімді **сатуы** қолдау көрсетті, олардың көлемі сәуірде шамамен **253,2 млн АҚШ долларын** құрады. Республикалық бюджетке берілетін трансферттерді қамтамасыз ету үшін сәуірде **Ұлттық қордан 168,3 млн АҚШ доллары сатылды.** Ұлттық қордан сатудың үлесі сауда-

саттықтың жалпы көлемінің **8,7%-ын** құрады.

Ішкі валюта нарығындағы жағдайдың тұрақтануы аясында Ұлттық Банк сәуір айында **валюталық интервенцияларды жүргізген жоқ.**

Қысқа мерзімді перспективада геосаяси жағдайдың белгісіздігінен теңгенің **құбылмалылық тәуекелі сақталады.** Ұлттық Банк **теңгерімсіздіктің жинақталуына жол бермейтін және алтын-валюта резервтерінің сақталуын қамтамасыз ететін еркін бағам режимін ұстануды жалғастырады.**

5-слайд (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР НАРЫҚТАРДЫҢ ҚОЛАЙСЫЗ КОНЪЮНКТУРАСЫ МЕН ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН САТУ АЯСЫНДА ТӨМЕНДЕДІ)

Жалпы халықаралық резервтер сәуір соңында 85,9 млрд АҚШ долларын құрады.

Ұлттық Банктің **алтынвалюта активтері** жыл басынан бері **валюталық интервенциялар, екінші деңгейлі банк шоттарындағы қалдықтардың және сыртқы борыш бойынша төлемдердің есебінен 851 млн долларға төмендеп, 33,5 млрд долларды құрады.**

Ұлттық қордың активтері 52,4 млрд долларды құрады. Республикалық бюджетке **1,5 трлн теңге трансферт** бөлу үшін биылғы 4 айда **2,3 млрд долларға валюталық активтер сатылды.**

Мұнай бағасы көтерілген тұста Ұлттық қорға түсетін **түсім** өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **5 еседен көп** ұлғайып, жыл басынан бері **2,1 трлн теңгені құрады.**

Ұлттық қордың кірістілігі құрылғаннан бастап 30 сәуірге дейін жылдық көрсеткіште **3,22%** құрады. Соңғы **5 және 10** жылдағы кірістілік жылдық көрсеткіште, тиісінше, **2,38%** және **1,62%** болды.

6-слайд (БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ)

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері сәуірде **12,9 трлн** теңгені құрады. Жыл басынан бері инвестициялық кіріс шамамен **136,5 млрд** теңге, зейнетақы **жарналары – 524 млрд** теңге, зейнетақы **төлемдері – 89,6 млрд** теңге болды.

Соңғы 12 айда зейнетақы активтерінің **кірістілігі 8%-ды** құрады. Бұл ретте жинақтаушы зейнетақы жүйесінің орнықтылығы тұрғысынан кірістілік пен инфляция көрсеткіштерін ұзақ уақыт өлшемінде қарастырған жөн. Мәселен, соңғы **3 және 5** жылда инфляцияның, тиісінше, **8,96%** және **7,64%** мәнінде зейнетақы активтерінің кірістілігі **9,25%** және **9,44%-ды** құрады.

Ұлттық Банк **жағдайдың дамуы** мен оның **нарықтарға** ықпалын **үнемі** қадағалап, санкциялардың Қазақстанның **қаржы жүйесіне** әсер ету дәрежесін бағалап отырады, сондай-ақ **баға** және **қаржы** тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауды жалғастырады.

Назарларыңызға рақмет!